

Бүгін Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, журналист, жазушы, қазақ әдебиетіне шытырман оқигалы детектив жанрын алған келген қарымды қаламгер Кемел Тоқаевтың тұганына – 100 жыл.

Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда қазіргі Жетісү облысы, Қаратал ауданында дүниеге келген. Зұлмат соғыстың зардабын көрген азамат бозбала шағында майдан даласына аттанады. Екінші дүниежүзілік сұрапыл соғыста қаһармандық танытып, қанды қасапта атой салған ол жеңіске жету жолында жанын беруге дайын еді. От пен оқтың, талай қантөгістің ортасында жүріп, ерлігімен танылды. Кейінірек Украина, Беларусь, Польша секілді мемлекеттерді азат ету операцияларына қатысты. Қан майданда бірнеше рет ауыр жараганып, елге оралуға мәжбүр болады. Сұрапыл соғыста ерен ерлігімен танылған батыр «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» секілді төсбелгілермен марапатталады.

Соғыс аяқталғаннан кейін Қазақ Ұлттық университетіне оқуға түсіп, оны тамамдаған соң «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» секілді ірі басылымдарда еңбек жолын бастады. Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі «Ведомостінде» бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды. Оннан астам кітaby қазақ және орыс тілдерінде басылды. Детектив жанрын қолға алған, «Қазақ детективінің атасы» ретінде танылды. Ол тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл Орта Азия әдебиетінде детектив жанрының негізін салушы.

Мәлімет

«Суындық» жалпы білім бирлігін мектептеге мектеп кітапханасында Детектив жанрының тұңғыш қазақ жазушысы К. Тоқаевтың туғанына 100 жылдығына көрмө ұйымдастырылып оқушыларға таныстырылды.

